

«Дидар-Нур» ЖШС балабақшасы

Тақырыбы: **«Біз бақытты жанұямыз!»**
Ата-аналармен жүргізілген тренинг

Психолог: Сымханова С

2022-2023 оқу жылы
Шалқар қаласы

1. Шаттық шеңбері

Сіздерді шаттық шеңберіне шақырамын. Экранда көрсетілген балаңыздың есімі неге байланысты қойылғанын бір ауыз сөзбен айтып, сол есімнің бірінші әрпінен басталатын жақсы тілек айтуларыңыз керек.

- балам айдың жарығында дүниеге келгендіктен айдай сұлу болсын деп айсұлу қойған екен. Ай қабақты сұлу, ақылды болуларыңа тілектеспін.

- баламның есімін Ержан ер мінезді жан болсын дегені, жігіттер, сіздерге нағыз ер мінезді, қыз балаларға еліктей нәзік болуларыңа тілектеспін.

Әр тілектен соң 3 рет қол соғып қошеметтеп отырамыз.

«Біз бақытты жанұямыз» Суреттер әлемі

Ендігі кезекте тақтада балаларыңыздың өз отбасына байланысты салған суреттері бар, сол суреттерді кезепен тауып алуларыңыз керек. Ал балалар орындаңызға жайғасуға болады. (Музыка)

- Өз отбасыңыздың суретін қалай таптыңыз?

- сонымен өз балаларыңыздың суретін табуда қаншалықты қиын болды?

- Суреттерден отбасыңыздың суретін тапқаннан кейін қандай сезімде болдыңыз? 3-4 анаға

«Ұяшықтар» ойыны.(қызықты сұрақтар)

1. Балаңыздың туған күні?

2. Тәрбиеші апайының толық аты-жөні?

3. Балаңыз спорттың қандай түрін жақсы көреді?

4. Балаңыз қандай өлшемде аяқ киім киеді?

5. Балаңыздың досы кім?

6. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?

7. Балаңыздың бірінші тісі қанша айында шықты?

8. Балаңыздың сүйікті асы қандай?

9. Балаңыз сізді ренжіткенде, ең алдымен, қандай сөз аузыңызға түседі?

«Тілек шамы».

Тренинг туралы пікірлерін ортаға салу.

Құрметті ата-аналар, балалар. Біз сіздермен жанұядағы ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан-жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя – жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз.

Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір-бірімізге тілек айта отырып жүргізейік. Бір-бірімізге мына шамды бере отырып бүгінгі кездесуден алған әсерлеріңізбен бөлісіп, тренинг барысында айта алмай қалған ойларыңыз болса барлығыңыз да осы жерде айтуларыңызды сұраймын.

- Балаларыңызды бос жібермеңіз, қадағалаңыз. Егер, біз оларға назар аударатын уақыт тапсақ, балалар бізге өз қажеттіліктері мен қызығушылықтары туралы көп нәрсе айтып бере алады.
- Балалар ересек әлемнің бір бөлігі болуды армандайды. Еңбек оларға ойын сияқты ұнайды.
- Балалар ерте жастан бастап көптеген нәрселерді өз бетінше орындағысы келеді. Балаға бірдеңе істей білуге көмектесе отырып, сіз оған өз күштеріңізге сенім бересіз.
- Егер баланы әр заттың өз орны бар екеніне үйретсе, тиянақтылық пен жинақылық бойына сіңеді.
- Егер бала ойыншықты сындырса, оны тастамаңыз, оны түзетуге тырысыңыз және ол арқылы қызықты ойындар ойлап табыңыз. Яғни құндылықтарды түсіндіре біліңіз. Бірақ ойыншық қауіпті болса, пайдаланбаған жөн.
- **Қорытынды.** Адамның бауыр еті, жүрегі бала. Біз бүгін сіздермен ең қымбатты бала жаны жайлы ой бөлістік. Ол маңызды, өйткені ол енді ғана өмір деген ұзақ жолға сапарын бастады. Бұл жол - оны рухани байлыққа бастайтын таза және негізгі жол. Бұл жолды барлық нәрсенің басы болып табылатын үлкен әріппен жазылған МАХАББАТТАН бастау керек.

ХАТТАМА

Әдістеме: Тренинг. «Біз бақытты жанұямыз!»

Мақсаты: Отбасы тәрбиесіндегі ата – ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру, тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін, баламен жақсы қарым - қатынас орнату, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын ашу.

Қатысқаны: Қатысқан 18

Қорытынды: Тренингке ата-аналар белсенді қатысты. Шаттық шеңберінде әр ата-ана өз балаларының есімінің неге байланысты қойғанын айтып берді. Өз балаларының мінез-құлықтарымен ерекшеліктері жөнінде де айтылды. Алдын-ала балаларға салдырған отбасы суреті бойынша ата-аналар өз балаларының суретін табу қажет еді. Бірақта кейбір ата-аналар өз балаларының суретін табуда қиындықпен қате тапты. 3-4 ата-анаға сұрақтарға қойылды. Әр баланың суреті бойынша ата-аналарға талдау айтылды. Әңгімелесу барысында өз тәрбиелеу жолдарымен бөлісті және қызығушылықпен балаларының суреттерін қарап танысып шықты. Тілек шамы арқылы әр ата-ана өз жылы лебіздерімен және алған әсерлерімен бөлісті.

Ұсыныс: Баланың тәрбиесіне қатысты мәселелерді шешуде жан-жақты нұсқаларды қарастыру. Бос уақытты балаға арнауға ата-аналарға нұсқау берілді.

Психолог: Сымханова С

Балалардың мазасыздану деңгейін анықтауға арналған сауалнама

Г.П. Лаврентьев пен Т.М. Титаренко

(сауалнама ата-аналарға)

№	Сұрақтар	Ия	Жоқ
1	Шаршамай ұзақ уақыт жұмыс істей алмайды.		
2	Оның назарын бір нәрсеге аудару қиын.		
3	Кез келген тапсырма қажетсіз алаңдаушылық тудырады.		
4	Тапсырмаларды орындау кезінде қысылып, қиналады.		
5	Басқаларға қарағанда жиі ұялады.		
6	Жиі шиеленісті жағдайлар туралы айтады.		
7	Әдетте, бейтаныс ортада қызарып кетеді.		
8	Қорқынышты түс көретініне шағымданады.		
9	Оның қолдары әдетте суық және дымқыл болады.		
10	Нәжісі жиі бұзылады.		
11	Қобалжыған кезде қатты терлейді.		
12	Тамаққа тәбеті жақсы емес.		
13	Мазасыз ұйықтайды, қиналып ұйықтайды.		
14	Ұялшақ, көп нәрсе оның қорқынышын тудырады.		
15	Әдетте мазасыз, тез ашуланады.		
16	Көбінесе көз жасын ұстай алмайды.		
17	Күтуге нашар шыдайды.		
18	Жаңа іске кіріскенді ұнатпайды.		
19	Өзіне, қабілетіне сенімді емес.		
20	Қиындыққа тап болудан қорқады.		

ХАТТАМА

Сауалнама қоршаған ересектермен: ата-аналармен, тәрбиешілермен, мұғалімдермен әңгімелесу және олардың жауаптарын салыстыру арқылы мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың мазасыздану деңгейін анықтауға арналған.

Орындалу барысы:

Ата-аналар (тәрбиеші/мұғалім) 20 сұраққа жауап беруге шақырылады. Әрбір ұсынылған мәлімдемеге оң жауап 1 ұпаймен бағаланады. Ұпайлардың жалпы сомасы есептеледі, оның негізінде баланың мазасыздану деңгейі туралы қорытынды жасалады (жалпы сома неғұрлым көп болса, баланың мазасыздану деңгейі де жоғары болады).


Қорытындысы:

7 – 14 балл жинаған бұл тәрбиеленушілерде - мазасыздық деңгейі ата-аналар жауабы бойынша орташа. 30% құрап отыр

1 – 6 балл балл жинаған бұл тәрбиеленушілерде мазасыздық деңгейі ата-аналар жауабы бойынша төмен. 70% құрап отыр


1. Шаршамай ұзақ уақыт жұмыс істей алмайды.

19 ответов




2. Оның назарын бір нәрсеге аудару қиын.

19 ответов




3. Кез келген тапсырма қажетсіз алаңдаушылық тудырады.

19 ответов




4. Тапсырмаларды орындау кезінде қысылып, қиналады.

19 ответов




5. Басқаларға қарағанда жиі ұялады.

19 ответов




6. Жиі шиеленісті жағдайлар туралы айтады.

19 ответов




7. Әдетте, бейтаныс ортада қызарып кетеді.

19 ответов




8. Қорқынышты түс көретініне шағымданады.

19 ответов




9. Оның қолдары әдетте суық және дымқыл болады.

19 ответов




10. Нәжісі жиі бұзылады.

19 ответов




11. Қобалжыған кезде қатты терлейді.

19 ответов




12. Тамаққа тәбеті жақсы емес.

19 ответов




13. Мазасыз ұйықтайды, қиналып ұйықтайды.

19 ответов




14. Ұялшақ, көп нәрсе оның қорқынышын тудырады.

19 ответов




15. Әдетте мазасыз, тез ашуланады.

19 ответов




16. Көбінесе көз жасын ұстай алмайды.

19 ответов




17. Күтуге нашар шыдайды.

19 ответов




18. Жаңа іске кіріскенді ұнатпайды.

19 ответов




19. Өзіне, қабілетіне сенімді емес.

19 ответов



20. Қиындыққа тап болудан қорқады.

19 ответов



«Дидар-Нур» ЖШС балабақшасы

Тақырыбы: «Менің балам қандай?»
Ата-аналармен жүргізілген тренинг

Психолог: Сымханова С

2022-2023 оқу жылы
Шалқар қаласы

Мақсаты: Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, жағымды қарым-қатынас орнату.

Керекті құралдар: түрлі түсті қағаз, қаламсап, желім, қиылған қолдардың суретін жабыстыратын ватман, күннің суреті салынған ватман, маркерлер.

Ұйымдастыру кезеңі.

Ата-аналармен сәлемдесіп, тренинг тақырыбымен таныстырамыз.

— Біздің бүгінгі сіздермен өткелі отырған тренингіміздің тақырыбы: «Менің балам қандай?» Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы-жанұясы. Жанұялық тәрбие ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынастық жүйе. Олай болса, ата-ана осы жүйені ғылым мен өмір ретінде жан-жақты меңгеру қажет. Ұлы данамыз Әл-Фараби ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы дегені бәрімізге мәлім. Адамға тәрбиені ата-ана, мектеп, қоғам береді. Бала тәрбиесіндегі басты тұлға, алғашқы ұстаз – ата-ана. Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-анада қиын да, қыр-сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол-бала тәрбиесі. Бала үшін үй ішінде ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. Ия, «Ұяда не көрсен ұшқанда соны ілесің» демекші, ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады. Баланың бойында барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, білім алуына жағдай жасау ата-атаның парызы.

II. «Қызықты сұрақтар» ойыны.

1. Балаңыздың туған күні?
2. Топ тәрбиешісінің толық аты-жөні?
3. Балаңыз спорттың қандай түрін жақсы көреді?
4. Балаңыз қандай өлшемде аяқ киім киеді?
5. Балаңыздың досы кім?
6. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
7. Балаңыздың бірінші тісі қанша айында шықты?
8. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
9. Балаңыз сізді ренжіткенде, ең алдымен, қандай сөз аузыңызға түседі?

III. Қимыл қозғалыс арқылы жауап беру

«иә» десеңіздер – қолдарыңызды шапалақтаңыз.

«жок» десеңіздер – аяқтарыңызды тарсылдатыңыздар.

1. Журнал бетіндегі мақалалардан, теледидардағы бағдарламадан тәрбиеге байланысты сұрақтарды тыңдап, қарап жүресіз бе?
2. Балаға тәрбие беру кезінде үйде ата-ана (жанұя) бірдей ықпал жасай ма?
— егер «жанұя» десеңіздер- жымыңыздар.
— егер «қоршаған орта, қоғам» десеңіздер қолымызды алдыға созамыз.
3. Бала тәрбиелеу жауапкершілігі кімде деп ойлайсыз?
— егер «әке» десеңіздер – қолды шапалақтаңыз,
— егер «шеше» десеңіздер – қолды бұлғаймыз.
— егер «екеуі» десеңіздер – орнымыздан тұрамыз.

IV. «Менің балам қандай?» ойыны

Ойынның мақсаты: ата-ана баласын қалай жақсы көретінін көрсету.

Әр қатысушы қолының саусақтарын айналдыра сызып, әр саусаққа баласының атындағы әріптерін жазу керек. Ары қарай ата-ана әр саусақта жазылған әріптерден басталатын баласының қасиеттерін айтуы керек. Саусақтың ортасына баланы жанұяда кімге теңейтінін салса болады. Саусақтар ватманға жабыстырылады.

V. «Балама қандай жылулық беремін?» ойыны

Күннің суреті салынған ватман. Сіз жылуыңызды беріп жатқан күнсіз. Сізден тарап жатқан шуақтарды қалай деп атайсыз. Ата-аналар шығып балаларына күн сияқты қандай жылулық беріп жатқандарын жазулары керек. Мысалы: «Мен баламды мейірімді, жылы сөздер айтып оятамын», «Мен балама күніне бірнеше рет жылы сөздер айтып аймалаймын», «Мен мейірімдімін» т.с.с. Енді шуақты күнімізге қарайықшы. Ол да аспандағы күн сияқты өзінің

жылуын, мейірімін уақыт таңдамай, орын таңдамай сыйлап жатыр. Біз де, ата-аналар, өзіміздің балаларымызды ешқандай талап қоймай жақсы көруіміз керек.

VI. Аңыз «Мінсіз емес»

Ертеде бір су тасушының екі үлкен қыш құмырасы болыпты. Құмыраның біреуі жарық болыпты, сол жарықтан бұлақтан ауылға жеткенше жарты суы ағып кетеді екен. Ал екінші құмыра мінсіз болыпты. Екі жыл бойы су тасушы ауылдастарына бір жарым құмырадан су тасыпты. Әрине, мінсіз құмыра өзінің жетістігін мақтаныш ететін. Ал жарық құмыра болса, өзінің жарты ісіне ұялып, байғұс болып жүретін. Бір күні құмыра су тасушыға былай дейді: «Мен өзімнің тірлігіме ұяламын және сенен кешірім сұраймын.

Не үшін ұяласың?

Менің бүйірімдегі жарығымнан су ағып тұрады. Сен өз жұмысыңды орындап жүрдің, бірақ менің кесірімнен жұмысыңның жарты нәтижесін ғана алдың» – деді құмыра. Сол кезде су тасушы:

Мынау жолдың жиегіндегі гүлдерге қарашы. Сен олардың арғы бетте емес, сен жақтағы бетте ғана өсіп тұрғанын байқадың ба? Мен сенің кемшілігіңді әрдайым білетінмін.

Күнде бұлақтан шыққаннан сен жолдағы гүлдерді жарық құмыраңнан аққан суыңмен суаратынсың.

Екі жыл бойы сол гүлдерге қарап мен қуанатынмын. Сенсіз бұл сұлулық болмас еді!

Бұл аңызда қандай мағына жасырылған!

Балалардың бойында әр түрлі, жеке, есте қаларлықтай өздерінің қайталанбас қылықтары бар. Соларды тек сезе біліп, түсініп



